



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№40

(820)

16 қазан

2020 жыл




JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

КЕСЕЛ

АЛДАҒАН АРМАН



«Быттыр біреу мұхит асып, ала жаздай жұмыс істеп, елге келіп көлік алды, үй салатын ақшасын тапты» деген әңгімені естігенде менің де делебем қозды. Қызыққаным соншалық, келесі күні ол жаққа студенттерді жолдайтын агенттіктердің біріне бас сұғып, талаптарымен танысып, тәуекел дедім. Ауылға хабарласып, бағдарламаға төлеуге қажет мың долларды алдырдым. О баста Америка дегенде үрке қараған, уайымдаған үйдің үлкендерін үйтіп-бүйтіп көндірдім. Іле-шала тілдік курсына жазылдым. Дайындығым сырт көзге сұмдық. Сөйтіп, бір айдың көлемінде «АҚШ елшілігіне барып сұхбаттасудан өту керек» дегені төбеме жай түсірген жаналық болды. Мен тіркелген, бәрі жақсы болады деп уәдені үйіп-төгіп ақшамды қалтасына басып алған агенттік директоры мен секілді 80 жастың мың долларын қалтасына басып тайып тұрыпты. «Мәссаған, енді қайттім» деп опындым да қалдым. Әрі ойлап, бері ойлап басқасына тіркеліп, қарыз алсам да кетем деген ойға бекідім. Сөйттім де. Өйткені сол кездегі арманымды кимадым. Бірақ өзім қиналдым. Әйтсе де, басы қатты болғанмен, аяғы тәтті болды. Америкада алты айдай жұмыс істеп, талай қызықты бастан өткеріп, елге аман-есен оралдым. Ол енді өз алдына бөлек әңгіме.

Айтайын дегенім, маған дейін де, менен кейін де, әсіресе Алматыда студенттердің еш нәрсені аңдамай, алды-артын ойланбай, арманы үшін барын санап беретін қасиетін білетін әккі қулардың өрекетіне құрық бойламай тұр.

(Жалғасы 3-бетте)

Айфон келмеген, инстаграмды білмеген, 4G-дің шапағатын көрмеген шақ менің студенттік кезіме дәп келді. Қазіргідей онлайн емес, офлайн отырыстарымыз, қатарластарымызбен қауқылдасуымыз көп еді. Сондай кеңескен жиынның бірінде Америкаға барып, жұмыс істеу тақырыбы қызу талқыға түсті.

COVID-19

ҚАЙТАЛАНҒАН КАРАНТИН

Айтылған сөзге құлақ асу азайды. Билік карантин жеңілдетілгенімен, босаңсуға болмайтынын о бастан-ақ айтумен келеді. Жаңа істің бәріне жатырқай қарайтынымыз тағы бар. Әйтеуір, өз денсаулығымыз үшін енгізілген шектеудің бәрін бұзуға тырыстық. Онлайн оқудан үркіп, «дәстүрлі оқуға жетпейді ғой» дедік те, жабылып оған қарсы петиция жаздық. Ал карантин жеңілдетіле бастағанда, тіпті еркімізбен кеттік. Қайтадан алысқа сапарлатып, тағы да қырғын адам шақыратын аста-төк тойлар басталды. Жаз бойы қаланың бір шетінде біреулер ұсталып, айыппұл төлесе, екінші шетінде екінші біреулер алаңсыз той жасап жатты



Бірақ коронавирустың әлі де беті қайтқан жоқ деп ескергілі ғой. Екінші толқын бой көрсетсе, қатаң карантинге қайта көшуге тура келеді деді. Оған да мән бергендер аз болды. Ақырында жер-жерде карантин күшейтіліп жатыр. Оған коронавирус жұқтырғандардың көбейе бастағаны себеп.

Көп шектеулер алынып тасталғаннан бері Солтүстік Қазақстан облысындағы Булаев қаласына өткен жұма күні қатаң карантин енгізіліп, шаһардың шыға берісіне блокбекеттер қойылды. Оның ережесі наурыз айында басталған карантиндікіне ұқсас. Мысалы, туыс, таныс, көршілеріне баруға болмайды.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Қара күзде тұмау-сырқаудың қозатын, ескі дерттің өршітін әдеті бар. Индеттің екінші толқыны біраз елде басталып та кетті. Көрші Ресейде ауру асқынып тұр. Бізде де ауырғандар көбейіп келеді. Қазақ «Сақтықта қорлық жоқ» дейді. Сондықтан да ковидпен күресті қазірден бастап, дайындыққа ерте қам жасаудың еш зияны бола қоймас. «Әмед» ұлттық инновациялық медицина палатасының басшысы, қоғамдық денсаулық магистрі, дәрігер Әкім Тұрсынмен болған сұхбатымыз аты жаман аурудың екінші толқыны, дәрігерлердің дайындығы, екпе туралы болды.



Әкім ТҰРСЫН, дәрігер:

БҰЛ «БАЙДЫҢ АСЫН БАЙҒҰС ҚЫЗҒАНЫПТЫ» ДЕГЕННІҢ КЕРІ

Jas qazaq: Әкім мырза, Бас дәрігер пандемияның екінші толқыны туралы айтып жатыр. Жалпы біз бұл индеттен қорытынды шығардық па, жоқ па?


Ә.Тұрсын: Индеттің екінші толқыны Еуропа елдері мен Ресейде басталып кетті. «Бұл индеттен қорытынды шығардық па?» деген сауалыңызға жауап беру дәл қазір қиындау. Өйткені бұл сұрағыңызға екінші толқын өткеннен кейін ғана жауап беруге болады. Екінші толқынға қалай қарсы тұра аламыз? Бұл – өзекті сауал.

Дәл қазір индеттің екінші толқыны басталған елдер ауруханадағы төсек-орындар мен жасанды тыныс алу аппаратын көбейтті. Бізде де солай. Қоймада дәрі-дәрмек, медициналық қажетті құрал-жабдықтың бәрі дайын деп отырмыз. Бірақ материалдық дайындық мүлтіксіз болғанымен, біз бір нәрсені ескерген жоқпыз. Дәрігерлер мен мамандар жеткілікті ме, олардың дайындығы қалай? Сол жағын кім ескеріп жатыр? Мысалы, қаншама дәрігердің үстемақысын береміз дегені неше ай өтті? Уақытты созып, қайдағы түсініксіз құжатты талап етіп жатыр. Нақтырақ айтқанда, жұмыс кезінде ауырған дәрігерлердің 50 пайызы үстемақысын әлі алған жоқ. Ресми мәлімет бойынша, 13 мың дәрігер индет жұқтырды деп айтылуда. Шын мәнінде, вирус жұқтырғандардың саны одан да көп. Өйткені көп дәрігер үйінде емделді. «Ауруханада қарапайым халық емделсін» деп олардың көбі ем-домды өз үйінде, өзіне-өзі жасады. Сол дәрігерлердің құжатын қабылдамай жатыр. Осы жағдайлардан кейін, көптеген білікті, тәжірибелі дәрігерлердің көңілі қалды. «Карантин бітіп, ауру басылғаннан кейін, біз шетелге кетеміз. Бізді бағаламады. Еңбегімізді елемеді», — дейді. Бізге дайындықты осыдан бастау керек еді.

Jas qazaq: Иә, ауырған адамды машина емес, адам емдейді ғой. Сондықтан, мәселені дәрігер-мамандардың дайындығынан бастау керек еді. Дегенмен, үстемақы төлеу тәртібінде шешімін таппай жатқан түйіннің нақты себебі не деп ойлайсыз?

Ә.Тұрсын: Бұл жердегі түйін — баяғыдан бойымызда қалып кеткен бюрократиялық әдетте жатыр. Көп өңірлерде үстемақыны бас дәрігер немесе облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы өз қалтасынан төлейтіндей келгенді. Қатты айтсам, ренжімесін, бұл «Байдың асын байғұс қызғаныпты» дегеннің кері. Бұйрық бар ма?

(Жалғасы 3-бетте)



Семейде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіш ашылды



БИРЖАМЕТР



МҮНАЙ (brent)

43,02



DOLLAR

428,63



EURO

497,50



РУБЛЬ

5,53

Қазақ
REALISM

Еріккен бала
көлікпен
ойнайды



Алматы қаласы

Фото: Интернет

COVID-19

(Басы 1-бетте)

Тіпті сағат 22:00 мен 6:00 аралығында адамдар жұмысқа немесе дәрігерге қаралуға болмаса, үйінен шықпауы керек. Кәмелет жасына толмағандар кешкі сағат жетіден кейін үлкендерсіз жүре алмайды. 65 жастан аскандар оқшаулануы тиіс. Булаев пен Мағжан Жұмабаев ауданындағы ауылдар мен Петропавл арасында жолаушы тасымалдауға тыйым салынды.

Жексенбі күні аталған облыстағы тағы бір елді мекен карантинге алынды. Ол Есіл ауданының орталығы Явленка ауылы болатын. Мұнда да тұрғындардың

Сол сейсенбіде батыстағы тағы бір аймақта карантин күшейтілді. Атырау облысында шектеулердің қайта оралуына коронавирус жұқтырғандар санының екі есе өсіп кетуі себеп.

— Әсіресе, соңғы 14 күнде ауырғандар көбейді. Алдыңғы аптада 20 жағдай болса, өткен аптада 40 жағдай тіркелді. Сондықтан біраз шектеу шараларын енгіздік, — дейді Атырау облысы бас санитар дәрігерінің орынбасары Гүлнар Ербатырова.

Ал аймақтың бас санитар дәрігері Асылбек Шаровтың қаулысы бойынша, енді атыраулықтар аланқайларда, саябақтар мен гүлзарларда, өзен жағалауында үш адамнан артық

атқару органдары мен квазисектор қызметкерлерінің кемінде 60 пайызы қашықтан жұмыс істеуі тиіс. Адамдар кенседе көп болып отыратын жеке ұйымдар да қызметкерлерін қашықтан қызмет атқаруға жібергені жөн. Әрине, жексенбі күні қоғамдық көлік тоқтатылады. Оларға дезинфекция жасалады.

Балалар да көп ауырып жатыр. Дерт жұқтырғандар арасында кезекші сыныпта дәріс алатындар да, қашықтан оқитындар да бар. Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой осы аптадағы брифингте мектепке баратындардың үйде отырып білім алатындардан екі есе көп

Әлеумет.t⁰

ЦИФРМЕН ОЙНАУ

Көрінбейтін кеселге қарсы күрестің алғы шебінде дәрігерлер жүргенін білеміз. Олар әлі де сонда. Вирус жұқтырғандардың саны азайғанымен, қауіп сейілер емес. Күн өткен сайын төбемізден төне түседі. Кеше ғана денсаулық сақтау министрі «Көпшілік ауырып тұрдық, енді бізге жұқпайды деп қуанбай-ақ қойсын» деп бір қорқытып тастады. Оның көрегенділігін уақыт көрсетеді. Себебі наурыз айынан бері тәжтажал туралы сан қилы деректі оқыдық, електен өткіздік. Сайып келгенде, оның бәрі тастүнекте таяқпен түртіп жол табуыа тырысу ғана. Әлемде әркім өзініше «жаналық» ашып әлек. Солардың ішінде «барынша сақ болайық» дегенге құлақ түргеніміз жөн.

Сөзімізді дәрігерден бастадық қой. Тәжтажалдың шабуылына да алғаш ұшыраған солар. Сәуір айында Алматыдағы орталық ауруханада медицина қызметкерлері жаппай вирус жұқтырды дегенде қандай ойда болдық? Пәлекеттің бар-жоғына сенбей, миығымыздан күліп жүрген кез емес пе еді... Оның үстіне пандемия басталғанда сала қызметкерлеріне 212 мыннан 850 мың теңгеге дейін үстемеақы, сырқатқа шалдыққандарға 2 млн теңге, ал осы аурудан қайтыс болғандардың отбасына 10 млн теңге өтемақы (*компенсация*) төленетіні жария етілді. Содан ба, әлгі аурухана қызметкерлерінің бірінен соң бірі вирус жұқтырғанын осы қаржымен байланыстырғандар көп болғанын мойындау керек. Ал, шылығында, бұл өзгелерден бөлек кесел болғандықтан, оған қарсы қорғану шаралары да, онымен күресу тәсілдері де жанаша болуы керек еді. Медицина қызметкерлеріне не кіно? Басқа түтілі, сол кездегі денсаулық министрінің өзі «дүрбелен жасауға негіз жоқ» деп бейқам отырған. Режиссер Талғат Теменов газетімізде жарияланған мақаласында «Өзіміз ауырғанда жүгінетін дәрігерлер ауырса, бұдан артық қорқыныш жоқ екен» деп аландаушылығын білдіріп, «Алдымен дәрігерді жарылқайық!» деп ұран тастап еді. Жарылқалық па?

Жаз өтіп, күз келді. Екінші карантиннен өткен жұрт ес жинай бастады. Айналасында ковид не пневмониямен ауырғандарды, аяқ астынан ажал құшқандарды көріп, бұл кеселдің ауада ұшып жүргеніне көз жеткізді. Ана дүниеге кеткендердің арасында алғы шепте айкасқан дәрігерлер де бар. Коронавирус ендегелі елімізде 182 медицина қызметкері құрбан болды. Небәрі жарты жылда. Көкіректе орны толмас өкініш тұнып тұр.

Әйтсе де, өмір жалғасады. Тірі адам тірлігін жасауы керек. Соның бірі — жұмыс орнында мерт болған дәрігерлердің отбасына өтемақы төлеу. Алайда бізде алдыр оп-оңай жүзеге ассын? Әсіресе, қандай да бір төлемге келгенде.

Қыркүйек айының соңында Мәжіліс төрағасы Нұрлан Нығматулин «жарты жылға жуық уақыттан бері Президенттің өтемақы туралы тапсырмасы орындалар емес» десе, Мәжіліс депутаты Зәуреш Аманжолова Премьер-Министрге сауал жолдаған. Депутаттың сол кездегі дерегініңше, 22 қыркүйекке дейін 12830 медицина қызметкері коронавируспен ауырған. Осы күнге дейін денсаулық сақтау министрлігіне 2475 өтініш түскен, бұл науқастардың 19 пайызы ғана. Ал бір реттік әлеуметтік төлем 1830 адамға ғана төленіпті. Қайтыс болған қызметкерлердің отбасына өтемақы төлеу одан да сорақы. Зауреш Аманжолова: «197 медицина қызметкері қайтыс болды, ал түскен өтініш 38 ғана. Сонда 5 айдан астам уақыттан бері бір министрліктен екінші министрлікке ысырып тастау жүріп жатыр ма?» деп еді.

Расында да өтемақы қалай төленеді? Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты тауар және қызмет сапасын бақылау комитетінің төрағасы Тимур Сұлтанғазиев шілде айында оны былай түсіндірген: 1) әкімдіктер жанында аймақтық комиссиялар жұмыс істейді; 2) олар сырқатқа шалдығу себебін анықтап, жұмыс орнында қайтыс болу себебін анықтайды; 3) осыдан кейін мәлімет министрлікке жөнелтіледі; 4) онда тиісті тізім жасалып, әрмен қарай еңбек министрлігіне жіберіледі. Сөйтіп өтемақыны денсаулық және еңбек министрлігінің бірлескен бұйрығымен — 5) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры төлейді. Мінеки, өтемақы алу өтініші қаншама сатыдан өтеді. Әлбетте, ақша жүрген жерде тексеру болатыны заңды. Алайда адамның қызмет бабымен қайтыс болғанын анықтағаннан кейін, тікелей төлемді жүзеге асыруға болмай ма? Болғанда қандай!

Өткен аптадағы кеңесте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «цифрмен ойнау жүріп жатыр» деп өтемақыны жылдам төлеу туралы тапсырма берді. Бір апта өтпей-ақ дүние салған 182 медицина қызметкерлерінің туған-туыстарына 10 млн теңге көлеміндегі өтемақы төленгені хабарланды. Сонда Мемлекет басшысы өзі араласпаса, мәселе шешілмей ме?

Гүлнар АХМЕТОВА



үйден шығатын уақытына және ауылдық округ аумағында ары-бері жүруге шектеу қойылды. Басқа да шектеулер бар. Ал бүгіннен бастап осы өңір түгел карантинге алынды.

Сейсенбіде Манғыстау облысында қатан карантин енгізілді. Бұл аймақта демалыс күндері қоғамдық көлік тоқтатылады. Фитнес орталықтары, жаттығу залдары мен спорт нысандарының жұмыс істеуіне уақытша тыйым салынған. Құрылыс заттарын, тағы басқа заттар сататын дүкендер мен базарлардағылар сағат 16:00-ге дейін ғана саудаларын жасай алады. Отбасылық мереке де ұйымдастыруға болмайды. Құзырлы орындар ондайларды рейд жүргізіп анықтамақ.

топтасып жүре алмайды. Бұл шектеу бір отбасындағы адамдарға жүрмейді, әрине. Қоғамдық орын мен қоғамдық көлікте, қызмет көрсету және демалыс нысандарында, тіпті далада да бетперде тағу міндетті. Бұған дейін сағат 24:00-ге дейін істеп келген асхана, дәмхана және мейрамханалардың жұмысы екі сағатқа шегерілді. Демалыс күндері базарлар мен ірі сауда орталықтары, ойын-сауық кешендері жұмыс істемейді. Мұндай нысандарда тек азық-түлік бөлімдері мен дәрiханалар саудасын тоқтатпайды.

Жалпы қай өңірде де енгізілген шектеулердің бір-бірінен айырмасы аз. Сәрсенбіде Нұр-Сұлтанда да ережелері осы тектес карантин басталды. Тек Елордаға тән бір ерекшелік — жергілікті

желтоқсан айларында індет өршуі мүмкін екенін айтып отыр. Өйткені коронавирус қатты дендеген маусым мен шілдеде түзілген антиденелер жыл соңында әлсірейді екен. Оның үстіне, министрдің айтуынша, бір ауырған адам тағы қайталап ауыруы мүмкін. Сондықтан инфекцияның таралу қаупі жоғары. Әлемде онымен қайталап ауырғандар туралы дерек тіркеліп те жатыр. Бір жақсысы, дәл қазір біздің елде ондай жағдай жоқ. Бірақ қауіп қашан да болады. Ерте көктемде еліміздің бас санитар дәрігерінің аузымен айтып келген аурудың енді қайтып келмесіне еш кепілдік жоқ. Оның да ықтимал мерзімі айтылып жатыр ғой.

Оразәлі БАЙМҰРАТ

Үш анық



1. АЛМАТЫДА
B2B JEWELRY ҚАРЖЫ
ПИРАМИДАСЫНЫҢ
ЖОЛЫ КЕСІЛДІ



2. ЕЛІМІЗГЕ
КОРЕЙ КЕСПЕСІН
ӘКЕЛУГЕ ТЫЙЫМ
САЛЫНДЫ



3. АТЫРАУ
ОБЛЫСЫНЫҢ БАС
САЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРІ
10 ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ

Аптаның ұсынысы



«Автокөліктері ұрланып, жапа шеккен адамдардың өтініштері үсті-үстіне келіп тұсуде. Мәшинесінің қолды болып, мүлде табылмауы кімге де ауыр тиетіні белгілі. Екіншіке қарай, жылдан-жылға қарай, жоғалған автокөліктердің саны көбейіп, табылатындарының саны азаюда. Бұл – 2018 жылы автокөлік құралдарын екінші реттік есепке алу немесе есептен шығару кезінде шанағы мен қозғалтқыш нөмірін көзбен көріп, тексеруді алып тастаудың кесірі. Сондықтан, Роман Скляр (*вице-премьер – ред.*) мырза, сізден осы олқылықтарды бір жөнге келтіруді сұраймыз!»

Ерсұлтан БЕКТҰРҒАНОВ,
Мәжіліс депутаты

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ


Ұрланған көлік	Табылған көлік
2018 ж. – 1909	1013
2019 ж. – 5 490	671
2020 ж. (8 ай) – 5 132	1922


Дереккөзі: Ішкі істер министрлігі

Импорт

СЫРТТАН ӘКЕЛІНЕТІН
АЛМА

(2020 ж. қаңтар-тамыз/тонна)



Аптаның сауалы

Ольга БУЛАВКИНА,
Сенат депутаты:



«Халқы 200 адамға жетпейтін 1300-ге тарта ауыл мемлекет назарынан тыс өрі қолдаусыз қалды. Тек кейінгі үш жылда «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 10 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Алайда қаражатты бөлу кезінде басты назар Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларына, облыс және аудан орталықтарына аударылды. Шекаралас аудандарда қажетті материалдық және әлеуметтік ортаны қалыптастыру үшін не істеліп жатыр? Ол аудандарға грант бөлу немесе оларды қандай бір мемлекеттік тұрғыда қолдау шаралары қашан қарастырылады?»

Дереккөзі: ism.kz/мемкіріс комитеті

© 2019 IQ. Жарнама бағасы: 1000 рубль. Жарнама берілуіне кәсіпкерлердің өзінше жауапкершілігі.

Кесел

(Басы 1-бетте)

Күні кеше сондай мекеменің бірінің әрекеті әшкере болды. Жыл басында жүзге жуық студенттің ақшасын жиып алған Columbus exchange агенттігі не мұхит асырмай, не ақшаны кері қайтармай, жастарды әуре-сарсаңға салып қойған. АҚШ-қа кетпегендері түсінікті. Әлемді жайлаған пандемия шекараны жауып, ешкімді тырп еткізбей тастады. Бірақ ата-анасы тірнектеп жинаған, я баласы үшін деп қарызға алып берген орташа 600 мың теңге комақты қаржысын қайтармауы қаншалықты заңды?

Осындай оймен Абай мен Қонаев көшелерінің қиылысына жанайқайын жеткізуге жиналған жастардың ортасына біз де бардық. Жанына бірінін әкесі, екіншісінің шешесі ерген. Қайтсін, қапыда қаржысынан қағылған балаларының қапа көңілі, олардың да жандарына батады. Үшінші курста оқитын Шыңғысхан Насыр іс бұлайша насырға шабады деген ой үш ұйықтаса, түсіне кірмегенін айтады. 600 мың теңгесін ойланбай Columbus exchange агенттігіне санап берген. Енді не Америка, не ақшасы жоқ. Карантин жаһанды жайлаған

бірге кірді. Дөрекі сөйледі деген Бөкетов бұл жолы да жылы қабақ танытпады. Тіптен «мына студенттерді танымаймын» деп ат-тонын ала қашып, құтылғанша асық болды. Тек түсін жастардың бірі түстегенде ғана танитынын мойындады. Дегенмен тілшілермен тілдесуге құлық танытпады. Кекесіні езуіне тығылған қызметкер «студенттерге жағдайды журналистерсіз түсіндірем» деп есікті іштен кілттеді. Бірақ, сайып келгенде, оларға ешнәрсе түсіндірмей қайтадан құр шығарып салған. Қолдарында келісімшарттары бар. Бірақ осындай пандемия салдарынан туындаған форс-мажорға байланысты кімнің ұлайы түгел болатыны туралы бір әңгіме жоқ. Түптің түбінде сорлайтын сол баяғы студенттер. Алайда қолды бір сілтеуге әлі ерте. Қазірдің өзінде агенттік атына арыз жазған жастардың саны он беске жетті. Алматы қаласы полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек бізге жағдай жіті бақылауға алынғанын жеткізді: «Аталған дерек сот алды реестрде

QOĞAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



(Басы 1-бетте)

Әкім ТҰРСЫН, дәрігер:

Бар. Онда ковидпен ауырған дәрігердің бәрі үстемақы алуы керек.

Алайда ондай болмай тұр. Мысалы, Алматы облысының Талғар ауданында ковидпен ауырып шыққан дәрігерлердің бәріне бірдей ақша берілуі керек еді. Олардың бәрінің қолында бірдей ПТР, КТА, ИФА нәтижелері бар. Бірақ ақша біреуіне төленген, екіншісі әлі ала алмай шапқылап жүр. Неге? Алматы облысының денсаулық басқармасындағы мамандар: «Олар «қызыл аймаққа» барған жоқ», — дейді. Бұйрықта ондай талап көрсетілмеген. Міне, осындай сұрақ көп. Мұның бәрі жергілікті жердегі басшыларға қатысты болып отыр.

Алматы қалалық 12 ауруханада алғаш 548 дәрігер жаппай ауырған болатын. Оның 400-і үстемақысын алды. 148 дәрігерге ақша әлі берілген жоқ. Әртүрлі себеп бар. Өткен апта барып қайттым. Біреуінің телефон нөмері ауысып кеткен, біреуінің карта нөмері жоқ деген сияқты қателіктердің кесірі. «Бірдің кесірі мыңға тиеді» дегендей, мысалы бір топта 20 дәрігер болса, оның бесеуінің құжаты дұрыс болмаса, соның кесірі қалған 15 адамға тиеді. Осындай қателіктерді түсіндіріп айту керек. Бірақ жергілікті басшылардың бюрократтық мінезінің салдарынан, соны ешкім түсіндірмейді. Әйтпесе, денсаулық сақтау министрлігі мен еңбек министрлігі ақшаны төлеуге дайын.

АЛДАҒАН АРМАН



кезеңде де оларға «бәрі дұрыс» болады деп сендірген екен. «Карантин кезінде біз көп сұрақ қойдық. «Америкаға бара аламыз ба, бара алмаймыз ба, жұмысымыз не болады» деген сынайда. Бізге «барасыңдар, сеніңдер, мен өзім жауап берем, бір ай болсын кеш барасыңдар, бәрі жақсы болады» деп сендірді. Мысалы, мен 23 мамырда Америкаға ұшуым керек еді», — дейді ол. Жиналғандардың айтуынша, Шыңғысхан секілді кешікпей кетем деген сеніміне селкеу түскен студенттер жүзге жуықтайды. Бұлар секілді еліміздің бірнеше қаласында ондаған жас құйған ақшасын кері қайтара алмай жылдарман күйде жүр. Наразылық үлеп, шағым көбейгесін агенттік жауапкершіліктен құтылу үшін 600 мың теңгенің жүз елу мыңын ғана қайтармақ болыпты. Қалғаны қайтарылмайтын шығындарға кетті деп әңгімені жылы жаппақ болған. Бірақ бұл уәжбен студенттердің келісісі жоқ. Бізге сұхбат берген Дамира Исаттың айтуынша, ол 600 мың теңгені жинау үшін былтыр сабақтан кейін қосымша жұмыстарға жалданған. Ұйқы мен күлкісін қиып, маңдай термен санап берген тиын-тебенін енді агенттікте қандай сылтау болмасын қалдырғысы жоқ: «Агенттіктің менеджері Нуржан Бөкетов деген кісі. Бізге о бастан нұсқау беріп, құжаттарымызды қабылдаған. Ақша алғанға дейін сондай мәдениетті көрінген. Енді келіп бізге дөрекі сөйлеп, мінез көрсетуді шығарды. Тіпті дұрыс жауап бермейді. Бір адам келіп жағдайды дұрыс түсіндірмеді».

Студенттер ашынағындай-ақ. Осыған дейін сан мәрте есігін қағып, қабылдауында болғанмен, сүлесөк жауаппен бастары салбырап кері қайтқан. Ама! таусылғандықтан, адвокат та жалдаған. Жиналғандар кеңсеге тілшілермен

ҚК 190-бабының 1-тармағы бойынша тіркеліп, қазіргі таңда арнайы тергеу тобы құрылды. Өндіріс аясында міндетті түрде оқиганың толық мән-жайы және басқа да факторлар анықталатын болады». Полиция департаменті «кінәлілер міндетті түрде жазасын арқалайды» дейді. Ал үстінен арыз түскен агенттік инстаграмда басқа студенттерді еш қымсынбай, бағдарламаға қатысуға шақыруын жалғастырып жатыр. Осыған қарағанда, олар мұндай тұйықтан шығудың жолын о бастан ойластырғанға ұқсайды. Арты қуыс болғанмен, өгізді де өлтірмей, арбаны да сындармау үшін заң аясында қуыс-қалтарысты бүге-шігесіне дейін зерттегендей. Америкаға студенттерді жұмысқа орналастырамын деп, артынша «лақтырып» кеткен агенттіктер туралы жазса, мысал жетіп артылады. Өз басым да олардың қақпанына түсіп, аузым күйгенін жоғарыда жаздым. «Неге?» деген сұраққа жауап іздедім. Негізінен, мұндай агенттіктер күмән тудырмау үшін бірінші кезекте интернеттегі жарнамаға қатты көңіл бөледі. Шүбәсіз иландыру мақсатында бөленбай жылдық тарихын, олардың қызметін пайдаланып, қыруар ақша тапты деген жастарды жарқыратып жарнамалайды. Оның ақиқатын тексеріп жатқан ешкім жоқ. Екінші қателік, агенттікпен келісімшартқа отырғанда бірнеше парақты аяғына дейін мұқият оқымау. «Былай болса, не болады» деген сынайда сұрақтар қоймау. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні сақтыққа келіп тіреледі. Сондықтан қандай да бір шешім қабылдар алдында «жеті рет өлшеп, бір рет кесу» керектігі қаперіңізде болсын!

Аскарбек ҚАЗАНҒАП

Шектен шыққан

Бес-алты жыл бұрын. Алматыдағы әйдік қонақ үйлердің біріне журналистік зерттеумен бардық. Мақсатымыз айқын: қалталы әйелдерге қызмет көрсететін жігіттер туралы мақала жазу.

Түнгі сағат бір жарым. Қонақ үй қызметшілерімен келісіп алғанбыз. Бірінші қабаттағы дәлізге жайғастырды. Көп күткен жоқпыз. Әппақ құндыз тон, тізесіне келетін ұзын қоныш етік киген, аяғын мама қаздай маңғаз басқан бір әйел келді. Жасы елудің ар жақ-бер жағында. Ресепшіге де бұрылған жоқ. Жоғары қабатқа тура тартты. Артынан қызметші қыздар жүгірді. Күзетші жігіт маған қарап иегін көтерсін. «Іздегенің осы» деген ишарасы. Орнынан жеңіл тұрып, әлгілердің артынан ұштым. Мама қаздай мамырлаған әйел бір бөлменің алдына жетіп қалыпты. Қыздар есігін ашты. Бір қыз құндыз тонын шешіп жатыр. Ал анау: «Осында келсін!» делі екінші қызға қарап. Ол басын ізеді де сыртқа жүгірсін. Біз есік көзінде тұрмыз. Қызметші қыз аяғын жеңіл басып дәліздің арғы басына кетті. Екі-үш минут болған жоқ, бір ұзын бойлы, тұр-тұлғасы келісті жігітті ертіп шықты. Тура кинодағы әртістердей. Қап-қара

ЖІГІТТЕ ДЕ ЖІГІТ БАР, ЖЕЗӨКШЕСІ БІР БӨЛЕК



жейде, әппақ шалбар киген. Ауызында сағыз бар ма, шайнандап, ыржалақтай беретіндей көрінді. Бізге қараған да жоқ, әлгі әйелдің бөлмесіне кіріп кетті. Ары қарай не болғанын өз көзімізбен көрген жоқпыз. Бірақ қонақ үй қызметшілерінің айтуынша, Алматыда жас жігіттермен осындай оңаша кездесетін әйелдер көп көрінеді. Тіпті олар күн құрғатпай келеді екен. Ол кезде мұның бәрі тансық еді. Қазір оған да етіміз үйреніп кеткен сияқты. Тіпті Алматы емес, шағын қалалардан да жігіттерді жалдайтын әйелдерді немесе «жезөкше» жігіттерді еститін болдық. «Жезөкше» жігіт деп айтудың өзі ұят, бірақ анығы солай: олардың көрсететін қызметі жеңіл жолмен ақша табу ғана. Осы аптада Талдықорғанда қыз-келіншектерге жыныстық қызмет

көрсеткен сондай жезөкше жігіттер ұсталды. Оған қоса, полицейлер әлгі «серілерді» ұсынған монша кешеніндегі 33 жастағы әкімші-«женгетайды» да қолға түсіріпті.

Бакыт есімді жігіт кезекті клиентінің мауқын басып жатқан сәтінде әрекеті әшкере болып, полицейлер

сау етіп үстінен түскен. Қалтасынан «қызметіне» алған ақша да тәркіленді. Жезөкше еркектердің нөмірін моншаның әкімшісі сұрау салғандарға беріп отырған. Осылайша бір түндік жігіт іздеген қыз-қырқынға жедел қызмет көрсетіпті. Қазір бұл іске қатысты сотқа дейінгі тергеу басталған. Алматы облыстық полиция департаментінің ресми өкілі Акбота Қуанышбекқызының айтуынша, әкімші мен жезөкше жігіттер қылмыс үстінде құрықталған. Оларға қатысты қылмыстық іс те қозғалыпты. Мәселе қозғалған істе емес. Жігіттің жеңіл жүріспен ақша тапқанын кім көріп, кім естіген?

Жарас ШӨКЕ

БҰЛ «БАЙДЫҢ АСЫН БАЙҒҰС ҚЫЗҒАНЫПТЫ» ДЕГЕННІҢ КЕРІ

Jas qazaq: Ковидпен бір рет ауырған адам тағы да ауырды. Бір адам тіркелді, оның өзі көз жұмған. Мамандар «Бойында антител бар адам екінші рет ауырса, ауру жеңіл өтеді» деген еді. Олай болмады, неге?

Ә.Тұрсын: Ковидпен бір рет ауырған адамның екінші рет қайтадан жұқтыру мәселесінде көп дүниені ескеру керек. Мысалы, бірінші рет індет жұқтырған адамның денсаулығы мықты, ауруға қарсылық қуаты бар болса, ол екінші рет әлгі вирусты қайтадан жұқтырмайды. Жұқтырған күнде де жеңіл өтіп кетеді. Ал бірінші рет жұқтырған адам қатты ауырса, соның кесірінен жүрек-қан тамыры созылса, бүйрек қызметі бұзылса, сусамырмен ауырса, онда ол екінші рет ауырғанда қауіп өте жоғары болады. Екпе жасалғаннан кейін, бұл індет әдеттегі тұмау сияқты болып қалуы мүмкін.

Jas qazaq: Індет шыққалы бір жылға таып қалды. Ресейде, Жапонияда дертке қарсы екпе жасалған еді. Адамдарға да егіп, сынақтан өткізілген болатын. Тәжтажалды ауыздықтайтын екпе неге кешігіп жатыр? Бұл вирустың бір түрден екінші түрге тез ауысып кететінін білеміз, бірақ ХХІ ғасырдың медицинасы үшін бұл да себеп болмаса керек...

Ә.Тұрсын: Екпе туралы айтқанда, біз бір нәрсені анық ұғып алуымыз керек. Біз ғана емес, бүкіл әлем дәрі-дәрмек өндірісін ақша

табудың көзі ретінде түсініп, технологияны солай бағыттап кетті. Бұл — бір. Екіншіден, екпе жасау — дәрі жасау емес. Бала тоғыз ай, тоғыз күн ананың құрсағында пайда болып, дамып, жетілетіні сияқты екені де жасаудың сатылары бар. Оны жасағаннан кейін адамға егіп, сынақ мерзімін өткізіп, нәтижесін зерттеп, тексеріп көру керек. Мұның бәріне ұзақ уақыт керек. Тіпті бірнеше жыл кетуі мүмкін. Содан кейін ғана екені медициналық өндіріске шығарады. Мысалы, біздің Қазақстан жасаған екпе де бірнеше түрлі сынақтан жақсы көрсеткіштермен өтіп келеді. Бірақ екпені жасау бөлек, оны өндіру басқа әңгіме. Қомақты қаржы, үлкен технология қажет болады. Сондықтан бұл уақыттың еншісіндегі шаруа. Дәрігер ретінде болжамым, бір жарым жылдың ішінде тәуір екпе жасалып шықса, ол үлкен көрсеткіш. Біздің Қазақстан ғалымдары жасап жатқан екпені жана жылға дейін барлық сынақтан өткізіп, өндіріске шығарамыз деп жатыр. Ол күн де алыс емес.

Jas qazaq: Биыл індет асқынған кезде жұрт ауылға барып, қымыз ішіп әл жинады. Дәрігер ретінде айтыңызшы, бүгінгі медицинаға қымыз-қымыран, айран-сүт сияқты ұлттық асты емдеу тәсіліне пайдалану қолға алына ма? Сіздер дәрігерлер осыны ұсынып жүрісіздер ме?

Ә.Тұрсын: Қымыз-қымыран, айран-сүт сияқты ұлттық ас-ауқаттың пайдасы туралы дәрігерлік нұсқаулықта көрсетілген. Салауатты өмір салтын ұстану тәртібінде, яғни дұрыс тамақтану ережесінде бұл өнімдер бар. Бірақ бұл ковидтің негізгі емі емес. Адам организмнің кез келген ауруға қарсылық қуатын күшейтетін, қалыптастыратын қажетті дәрумендік тағамдар. Дәл қазіргі жағдайда вирусты жойып жіберетін бірде-бір дәрі, не дәрумен жоқ. Қазіргі беріліп жатқан дәрі-дәрмектер сол вирустың кесірінен пайда болған симптомдармен ғана күреседі.

Қазақтың дәстүрлі тамақтану тәртібінде қойдың құйрық майы мен қой етінің сорпасы ерекше емдік қасиеті бар тағам деп айтылады. Дұрыс. Өйткені өкпенің ішінде «сурфактант» деген сұйықтық болады. Ол өкпені майлап тұрады. Қарапайым тілмен айтқанда, өкпенің майы дейміз. Қойдың майы сол сұйықтықтың түзілуіне көп көмегін тигізеді. Біздің әжелеріміз бен аналарымыз баланы суға шомылдырғаннан кейін, қойдың майымен денесін сылап тұрған. Әлі де бар. Бірақ мынаны ескеріңіз, бұл қазіргі індетті емдеп жіберетін емдеу әдісі емес. Бұл қосымша жасалатын емдік шара ғана.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН



Шымкент қаласының «Оңтүстік» индустриялық аймағында өліміздің аумағында, тіпті Орталық Азия бойынша ең ірі – «ЕвроКристалл» ЖШС, «KazAlPack» ЖШС және «Sin Yuan Steel» ЖШС зауыттарының жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Кәсіпорындар карантин кезінде де өндірісін тоқтатпаған.

ЗАМАНАУИ ЗАУЫТТАР

«ЕвроКристалл» ЖШС — көлемі 150 мл-ден 2 литрге дейін тамақ өнеркәсібі мен фармацевтикалық өндірістерге арналған кең сұрып-тамалы және әр түрлі формадағы жоғары сапалы шыны ыдыс шығаратын жана заманауи зауыт. Еліміздегі ірі зауыттың негізгі бағыты — ликер-арак, сыра, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кең сұрып-талымдағы жоғары сапалы шыны ыдыс өндіру. «ЕвроКристалл» ЖШС 2011 жылдың мамыр айында құрылған.

Кәсіпорында ликер, арак, шарап, сыра, газдалған сусындар мен шырын шөлмектері, сондай-ақ консервілеуге арналған құтыларды өндіріледі.

Зауытбасшысы Рустам Сухов: «Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 200 млн шартты бөтелке мен құты шығаруға мүмкіндік береді. Зауыт өнімі экологиялық жағынан таза және жоғары су химиялық төзімділікпен, беріктікпен, эталонды колермен және мінсіз геометриямен сипатталады. «ЕвроКристалл» зауыты өндіретін әйнектің



әлеуметтік төлемдерімен 157 адамды қамтуды жоспарлап қойды.

«KazAlPack» ЖШС жобасы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының қолдауымен «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда.

Келесі «Sin Yuan Steel» ЖШС — «Оңтүстік» индустриялық аймағының 19,48 гектар аумағында орналасқан. 250 жаңа жұмыс орнын құрып, жалпы сомасы 18 млрд теңгеге металл прокатын өндіретін жана заманауи зауыт.

Бұл жоба Шымкент қаласындағы ең ірі металл зауыты болмақ. Жобаның құрылысы 2017 жылы басталып, бүгінгі күні зауыттың 90 пайызы салынды. Қазір іске қосу жұмыстары жүріп жатыр.

Жоба шетелдік инвесторлардың қатысумен жүзеге асырылуда. «Sin Yuan Steel» ЖШС өз аумағында қуаты 90 мВт болатын қосалқы станса салған.

қолдау картасына енгізіліп отыр. Мемлекет тарапынан қаржыландыру жағынан көмек көрсетеміз. «Бизнеске арналған үкімет» кеңсесінде кәсіпкерлерді сүйемелдеу, қолдау, көмектесу жұмыстары іске асып жатыр», — дейді ол.

ЖЫЛЫЖАЙҒА ҚАЖЕТ ЖАБДЫҚ

Асар-2 шағынауданында орналасқан «ZERO MAX KZ» зауыты жылыжай кешендерін салуға арналған мырышталған құбырлар мен жылыжай құрылысына қажетті өнімдер өндіреді.

Жоба құны 2,6 млрд теңгені құрайды. Өндіріс орны жылына 380 гектар болатын

Мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасына енгізілген жобаны «Standard Steel KZ» ЖШС жүзеге асырды. Мұнда жылына 400 мың тонна өндіріс қалдықтары қайта өңделеді.

Бүгінгі таңда жобаның жылына 250 мың тонна қалдықтарды өңдейтін бірінші желісі жұмысын бастады. Зауыт биыл қараша-желтоқсан айларында толығымен іске қосылғанда 400 адам жұмыспен қамтылмақ.

Бүгінде қоршаған ортаны қорғау, түсті металл өндірісін дамытуда қалдықтарды қайта өңдеудің маңызы өте зор. Жоба толығымен іске қосылса, экологияны зиянды қалдықтардан тазартуға зор үлес қоспақ.

Өндіріс ошағы толық қуатымен жұмыс істегенде, аймақ зиянды қалдықтардан 3-4 жылда тазартылуы тиіс.

ЖОЛАУШЫ ТЕРМИНАЛЫ

Үшінші мегаполистегі жана жолаушылар құрылысы терминалы жобасы инфрақұрылымды



БҰЛ ҚАЛАДА ӨНДІРІС ТОҚТАМАЙДЫ

химиялық және физикалық қасиеттерін қолдау үшін меншікті зертханасы бар және Қазақстан үшін бірегей заманауи автоматтандырылған жабдыкпен жабдықталған. Компанияның өнімдері Алматы, Қарағанды, Петропавлға жеткізіледі, сондай-ақ Қырғызстан Республикасы мен Ресей Федерациясына экспортталады. Бүгінгі таңда кәсіпорында 300-ге жуық адам жұмыс істейді», — дейді.

Р.Суховтың басқаруымен «KazAlPack» ЖШС құрылысы, яғни өндірістік және қойма үй-жайларын салу бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Бұл — Орталық Азия аумағында бірегей жобаны жүзеге асыратын компания. Қақпағы бар алюминий құтысын шығаратын зауыт.

«Қазіргі уақытта өндірістік жабдықтар кезең-кезеңімен жет-

Жаңа зауыт пайдалануға берілгеннен кейін кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 500 мың тоннадан астам дайын өнім шығаруға мүмкіндік



кізілуде. Заманауи зауыттың жалпы ауданы 20 000 шаршы метрді құрайды. Жабдықтың ең жоғарғы өндірістік қуаты жылына 500 миллион құты шығаруға жетеді. Зауыт АҚШ-та өндірілген жоғары технологиялық құрал-жабдыкпен қамтамасыз етіледі», — дейді компания басшысы.

Жоба аясында сыра, шырын, газдалған және газдалмаған әлсіз алкогольді және алкогольсіз сусындарды құюға арналған түрлі көлемдегі, қақпағы онай ашылатын алюминий құтыларын шығару жоспарлануда.

Зауыт АҚШ-та өндірілген жоғары технологиялық жабдықтармен жабдықталады. Жоба отандық алюминий ыдысы нарығының 80 пайызын қамтып, әрмен қарай өндірісті дамытуды көздейді.

Бұл өндірісте экологияға маңыз беріліп отыр. Алюминий құты — әлемдегі ең экологиялық таза және қайта өңделетін қаптама. Оның жартысынан көбі қайта өңдеуге жіберіледі. Ол қайта өңдеуге жарамды, жалпы шексіз пайдалануға болады.

Зауыттың әлеуметтік міндетіне келсек, әлбетте, ол ең алдымен бюджетке салық төлеу. Компания жыл сайын республикалық бюджетті толықтыра отырып, өнірде ірі салық төлеушіге айналмақ. Сондай-ақ жана жұмыс орындары ашылатыны түсінікті. Жанадан құрылған компания ҚР заңнамасына сәйкес, кепілдендірілген



береді. Шығарылатын өнімнің түрлері: арматура (10-32 мм), созба сым (6-10 мм), бұрыш (30-80 мм), прут (10-20 мм), швеллер (6-16 мм) және таспалы болат.

Өнімдерді негізінен Орталық Азия мен ішкі нарыққа экспорттау жоспарланып отыр.

Қала әкімінің орынбасары Айбек Сәттібаевтың айтуынша, «ҚР Индустриалық-инновациялық даму» бағдарламасы аясында 2014-2019 жылдар аралығында жалпы инвестициялық сомасы 182 млрд теңгені құрайтын 105 жоба іске қосылған. Соның нәтижесінде 7500 жұмыс орны құрылыпты. «2020-2025 жылдар аралығында 328 млрд теңгеге 35 жоба жоспарланып отыр. Соның 21 жобасы осы жылы іске қосылады деп күтілуде. Бұл жобалардың бәрі жергілікті Кәсіпкерлікті

жылыжай құрылысына қажетті құрал-жабдықтарды өндіруге қауқарлы. Бүгінгі таңда зауыттан 100 гектардан астам өнеркәсіптік жылыжайлар кешендерін іске асыруға жабдықтар сатылған.

Сонымен бірге Оңтүстік Корея технологиясымен полиэтилен пленкасын (үлбір) және пластик бұйымдарын өндірумен айналысатын «АК Ордасы Пластик» ЖШС зауытын да айта кеткен



мегаполис тұрғындары мен қонақтарын жайлылықтын жоғары деңгейімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ ИНДУСТРИАЛДЫ АЙМАҒЫ

Шаһар басшылығының айтуынша, «Қайнар бұлақ» тұрғын алабы маңында ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін жалпы аланы 178 гектарды құрайтын «Бозарық» тамақ өнеркәсібі индустриалды аймағын құру жоспарлануда.

«Бүгінде индустриалды аймақта жүзеге асатын құны 6,7 млрд теңгені құрайтын 6 инвестициялық жобаның өтінімдері қабылданды. Биологиялық қоспалары бар құнарлы құрама жем мен сүт өндіретін зауыт салу жобаларын жүзеге асыру, сонымен қатар шетел инвесторларымен бірлесіп сүт, ет, жеміс пен көкөністі қайта өңдейтін, консервілейтін жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда», — деді қала басшысы.

Айта кетейік, бүгінде қалада «Оңтүстік», «Тассай» индустриялық аймағы мен «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы жемісті жұмыс істеп келеді. Оларда жалпы инвестициялық құны 100,2 млрд теңгені құрайтын 102 жоба жүзеге асырылған.

Бұдан бөлек, Шымкентте жалпы аланы 306 гектарды құрайтын жана «Жұлдыз» индустриалды аймағы құрылуда. Жана аймақта құрылыс, металлургия, фармацевтика және жиһаз өнеркәсібі саласындағы жобалар іске асырылады.

Сондай-ақ жалпы аланы 136 гектарды құрайтын «Тепличный рай» агро-индустриалды аймағын құру жұмыстары басталды. Аталған агро-индустриалды аймақта өнеркәсіптік жылыжайлар мен ауыл шаруашылық саласындағы жобалар жүзеге асырылатын болады. Бүгінгі таңда құны 9,4 млрд теңгені құрайтын 8 инвестициялық жобаның іске асырылуы жоспарлануда.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Елден келген Есенбай үш нөмересін балабақшаға орналастыра алмай басы қатып жүр. Ұзын-сонар кезек. Бұл Көкшетауда балабақша бұрын болмап па еді, болғанда қандай. Тек өтпелі кезеңде бойшыкештер сатып алып, басқа мақсатта пайдаланып жүр. Қазір Көкшетау қаласында мектепке дейінгі мекемелердің көзегінде 3-тен 6 жасқа дейінгі 3384 бала тұр. Балабақшаларда орынның болмауы – ел ішіндегі өте өткір мәселенің бірі.

Сонау сексенінші жылдардың орта шенінде облыс орталығында мектепке дейінгі 37 білім мекемесі жұмыс істепті. Жасыратыны жоқ, ол дәуірде Орталық Азиядағы ең үздік мектепке дейінгі білім жүйесі Қазақстанда қалыптасты. Мектепке дейінгі мекемелермен жеті жасқа дейінгі балалардың шамамен 70 пайызы қамтылды. 1991 жылы елде 8743 балабақша болса, олардың жартысынан астамы, яғни 4868-і онтайландыру кезінде жекешелендірілген. Бір бөлігі бос қалған,



ҚАЛТАЛЫ АҒАЙЫН ҰЛТЫНЫҢ БОЛАШАҒЫН ҚАНШАҒА БАҒАЛАЙДЫ ЕКЕН?!

қираған. 2000 жылға дейін балабақша саны 1144-ке дейін азайыпты.

Өтпелі кезеңнің өкпек желі Көкшетаудағы осы тектес мекемелерді де айналып өткен жоқ. Сол жылдары жұмыс істеп тұрған 32 балабақшаның онтайландыру кезінде 9-ы ғана қалды. Олар «Ер Төстік», «Қарлығаш», «Чайка», «Әсел», «Гагарин», «Звоночек» тәрізді мектепке дейінгі мекемелер. Қысқа жіп күрмеуге келмей, экономикалық дағдарыс жан алқымынан алған шақта болашақты ойлауға да шаманың жетпей қалғандығы ақиқат. Соның салдарынан еңселі, барынша сапалы салынған бірнеше балабақша пышақ үстінде бөліске түсті. Бәрі заңды. Ұстап тұруға сол кезде бюджеттің азын-аулақ қаражаты жетпеген соң аукционға шығарып сатты. Су тегінге. Жұмыртқадай жұтынған қаншама қайран балабақша бастапқы міндетін өзгертіп, ұстағанның уысында, тістегеннің аузында кетті. Сол кезден қалған, бір кезде бала тәрбиесіне батпан-батпан ұлағатты үлесін қосқан, жалдырай жарқыраған ғимараттар мұрты бұзылмай әлі күнге дейін тұр. Мәселен, №23 «Снежинка» балабақшасы гуманитарлық-техникалық лицейге, «Росинка» балабақшасы казак-түрік лицейіне, «Звездочка» балабақшасы балалар көркемсурет мектебіне, «Сказка» балабақшасы тірек-қимыл аппаратының бұзылушылықтары бар мүгедек балаларға арналған интернатқа, «Родничок» балабақшасы ішкі істер департаментінің емханасына айналып кетті.

Сол дәуірдегі істің көзін білетін, айдалада жатқан батпан құйрықтың су тегін олжаға айналатындығын қалталы азаматтар да бірден аңғарған. Қолы жеткендер, көзін тапқандар бес бірдей балабақшаның ғимаратын тұрғын үйлерге айналдырды. Ал алты мекеме бұзылып, құрылыс материалдары талан-таражға түсті. Өзге алтауы көз орталығы, лимонад цехы, автотұраққа айналды. Оны айтасыз, күні кеше ғана балғындардың бал күлкісіне толып тұратын, періште ұя

салған, құркылтайдың ұясындай жып-жылы балабақшаны әлдебір пысықайлар табан аузында жерлеу бюросына айналдырғанын көрген жұрт жағасын ұстаған болатын.

Ел есін жиган соң, 2010 жылдан бастап күні бүгінге дейін кейбір мектепке дейінгі мекемелер әуірімдеп зордың күшімен кері қайтарылды. Олардың қатарында «Жұлдыз», «Еркемай», «Қуаныш», «Нұрай», «Әйгерім» тәрізді балабақшалар бар. Оңай олжа болып кеткен балабақшалардың кейін қайтқаны алтау. Тәуелсіздік жылдары облыс орталығында жеті бірдей жана балабақша іске қосылды. Бірақ соның өзі қаладағы

Күнкөріс ғана емес, балғындардың өсіп-жетілуіне, қалыптасуына да қиын. Әлмисактан бала тәрбиесіне айрықша мән берген халқымызда «бала естігенін айтады,

Күнкөріс ғана емес, балғындардың өсіп-жетілуіне, қалыптасуына да қиын. Әлмисактан бала тәрбиесіне айрықша мән берген халқымызда «бала естігенін айтады,

KÓKEIKESTI

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Боямасыз болмыс

Бүгін өзі біртүрлі күн болды. Негізгі жазушыға жаяу жүру керек екен деп ойлап қалдым. Қаланы аралап, жастық шақты еске түсіріп біраз жүрдім. Бұрынғы Жоғарғы кеңес ғимаратының алдындағы саябақта ойланып отыр едім. Қасыма бір қараторы жігіт жетіп келді.

— Сіз қазақсыз ба? — деді қазақшалап. Ақценті бар.

— Иә, — дедім ойымда ештеңе жоқ. — Мына сөзді түсіне алмай тұрғаным, — деді «Ертен, сірә, жанбыр жауатын шығар» деген сөйлемді телефоннан көрсетіп, — Осындағы «сірә» деген сөздің мағынасы қалай? — деді түк білмегенсіп. Мен өзімше түсіндіріп бердім.

— Менің атым Құрбан, — деді сөзге тартып, — Кореядан, Сеулден келдім!

Мен көрген тарихи сериалдар бойынша корейлердің тарихы туралы біраз айттым. Ол таң қалды.

— Неге келдің? — дедім сыр суыртпақтап.

— Жай, тұруға, Қазақстан маған ұнайды! — дей салды.

— Сіз мұсылмансыз ба?

— Иә!

— Қазақтардың барлығы ислам дінін ұстана ма? — деп сұрады.

— Әрине!

— Сіз Інжілді оқыдыңыз ба?

— Әлбетте!

Таңданған кейіп танытып: — Сіз мұсылман емессіз бе?

Інжілді неге оқыдыңыз? — деді.

— Білу керек қой!

Оның көзі жайнап кетті.

— Иса пайғамбарды да білесіз бе?



— Әрине, білемін!

Ол маған Исаның ұлылығын айта бастады да, бір кезде:

— Сіз Құдайға Иса пайғамбар арқылы баратыныңызды білесіз бе?

— деді.

— Мен Құдайға Иса пайғамбар арқылы бармаймын!

— Неге?

— Құдайға барғым келсе, өз пайғамбарларымыз арқылы барамын!

— Құдайға тек Иса пайғамбар арқылы ғана бара аласыз.

Мен оның өзге дінді насихаттап жүрген миссионер екенін енді білдім. Сондықтан түк білмегенсіп, оның бүкіл «координатын» біліп алғым келді.

— Сенімен суретке түсуге бола ма? — дедім.

Ол менің не ойлап тұрғанымды қайдан білсін: — Болады! — деді ойланып жатпастан.

— Кәне, суретке түсір! — дедім жанына жақындап.

Ол телефонымен суретке түсірді.

— Ал енді маған жібере сал! — деп нөмірімді айттым. Ол нөмірімді жазып алды да, вацабыма әлгі суретті жіберді. Сөйтіп, біріншіден, оның бейнесін түсіріп алдым, екіншіден, телефон нөмірін біліп алдым. Полицияға барып арыз жазайын деп ойладым. Кім екенін анықтап, шара қолдансын!

Қоштасарда: — Қайда тұрасың? — дедім мекенжайын да біліп алғым келіп. Ол: — Тастақ жакта тұрамын! — дегеннен басқа ештеңе айтпай қойды.


Кетерде қолыма «Құрбандық» деген кітапша ұстатып: «Егер кітапша ұнаса, хабарласыңыз!» деді. Алдым. Үйге алып келіп оқысам, кәдімгі исламдағы құрбандықты айта отырып, таза христиандықты, Иса Мәсіхты дәріптейтін, насихаттайтын, жас ұрпақтың басын айналдырып, санасын ұлайтын кітапша екен!

Қазақша сауатты һәм түсінікті жазылыпты. Ең аяғында «Егер осы мәліметті оқығаннан кейін сұрақтар туындаса, мына мекенжайға хабарласуыңызға болады» деп әдірісін де жазған. Міне, Алматыда шетелдік миссионерлер көшеде әлдебір дінді насихаттап, теріс жолға үгіттеп, тайрандап жүр. Ал біздің заңда үгіт-насихат жүргізу және діни әдебиетті тарату тек арнайы орындарда жүргізілу керектігі анық айтылған.

Білуімше, саябақ ондай орынға жатпайды. Сонда біздің құқық қорғау органдарының қызметкерлері не қарап жүр?

Думан РАМАЗАН, жазушы-драматург

ЖОЛДЫҢ ЖАНАШЫРЫ



Алматы қаласы

Дереккөзі: Ерланби Дәулетиярдың facebook парақшасы

Қазақ REALISM

Өмірдің өзінен

«Алаяқтардың көбейгенін күнде жаңалықтан көреміз, дәл соның құрбаны боламын деп еш ойламаппын», — деді күрсініп.

— Не жағдай, түсіндіріп айтшы! — деймін.

— Өткенде айфонымды саткам, бар бөле содан басталды, — деп құрбым тағы бір күрсініп алды да әңгімесін қайта жалғастырды. «Сауда-саттыққа арналған сайтқа телефон сататыным туралы жарнама жарияладым. Бір-екі күннен кейін бір жігіт хабарласты. Бағасына келістік. Ол ақшаны терминал арқылы

аударатынын айтып, ЖСН нөмірімді сұралды. Ойымда ештеңе жоқ, жазып жібердім. Әлгі жігіт тиесілі ақшамды аударды. Телефонды таксидің жеткізу қызметі арқылы алып кетті. Ертесінде белгісіз банктен есепшотыма 60 мың теңге түсті. Сол сәтте кешегі жігіт хабарласып, ақшаны қателесіп маған аударғанын айтты. Өзіне қайта аударуымды өтінді. Сол күннен бастап бір түрлі сезімде болдым», — деді құрбым.

Гауһар әлгі жігіттің әрекетіне күдіктеніп, алаяқтық туралы мәліметтерді ақтаралды. Жаңалықтардан өзінің оқиғасына ұқсас әрекеттерді байқап, бірден несие бюросына хабарласады. Бюродан өзінің атына екі микроқаржының рәсімделгенін біледі. Өзінің ЖСН

Алматы. Ірі сауда орталығы. Асықпай аралап келемін. Алыстан маған таныс бейненің бұрылғанын байқадым. Көптен көрмеген, бұрын қызметтес болған Гауһар (ред. – есімі өзертілген) құрбым. Амандық сұрасып, бір-біріміздің жағдайымызды білісіп жатырмыз. Байқауымша, құрбымның көңіл-күйі жоқ. Не болғанын сұрап, әңгімеге тартып едім, ол бос тұрған орындарды нұсқап, жайғасып алуымды өтінді.

АЛАЯҚҚА АРБАЛЫП ҚАЛМАҢЫЗ!



дерегінен басқа мәліметтердің барлығы жалған. Гауһар мәселесі бойынша полиция департаментіне арыз түсіріпті. Олар істі қарап, алаяқты тапқанынша, несиенің үстемесі едәуір өсіп кетуі мүмкін. Құрбымды алаңдатып отырғаны да сол. Одан қалай құтылады?

— Уайымдама, полицияға шағым түсірсен, нәтижесі болар, — деп жұбаттым.

Шынында, қазір алаяқтардың түрлі қитұрқы әрекеттері жазылған ақпараттарды күнде көреміз. Адал еңбекпен емес, арам ниетпен пайдаға кенеліп жүргендер көбейді.

Ақпараттарды ақтара отырып, интернет алаяқтарының құрықталғаны туралы деректі көзім шалды. Онда Нұр-Сұлтан

каласы криминалдык полиция басқармасының кибер қылмыспен күрес бөлімінің аға жедел уәкілі Саят Дүйсенбаев интернет алаяқтарына қандай жаза қолданылатыны туралы айтыпты. Ол: «Нұр-Сұлтанда интернет алаяқтығы 15 пайызға көбейді. Алаяқтар көбінесе әлеуметтік желі арқылы қылмыс істейді. Соңғы екі айда қалалық полиция департаментіне интернет алаяқтарының құрбаны болғанын айтып, хабарласқан 50 жәбірленушінің 17-сі — зейнеткер», — дейді.

Оның айтуынша, астанада интернет алаяқтыққа қатысты 5 қылмыс ашылыпты. «Аталған деректер бойынша 5 қылмыскер ұсталды. Интернет алаяғы мұндай

қылмысты бірінші рет жасаса, сондай-ақ келтірілген шығынды өндіріп беретін болса, жәбірленуші мен күдікті келісімге келіп, қылмыстық іс қысқартылады. Сондай-ақ интернет алаяқ бұған дейін де осындай дерек бойынша бірнеше рет қылмыстық жауапқа тартылған болса, қылмыстық іс сотқа жолданып, сот қаулысымен 4-7 жыл аралығына бас

бостандығынан айырылады. Интернет алаяқтың тағдыры келтірілген материалдық шығынға байланысты. Қазіргі уақытта анықталған факті бойынша жәбірленушілер тарапынан шыққан шығын 100–250 мың теңгеден басталады», — дейді полиция өкілі.

Құрбым сияқты айлығын бір айдан бір айға әрең жеткізіп жүргенде, қайдағы бір алаяқтың лезде пайдаға кенелетіні қынжылтады. Әзірге оларға қарсы ең тиімді тосқауыл біреу ғана: барынша сақ болу. Сақтықтың қағидасы қарапайым. Бөгде біреулерге ЖСН нөмірін, банк картасының нөмірі сияқты жеке деректерді бермеу керек.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

шеберлікті көдеге жаратуымыз керек. Ауыл шаруашылығын өрге бастыруға барлық мүмкіндік бар. Климатымыз да қолайлы. Елордамыз салынғалы бері бізде құрылыс саласы дамып, қарқын алды. Ипотека берілген сайын оған үлес қосатын үлескерлердің де саны артты. Сол сияқты ауыл шаруашылығына да мемлекет тарапынан қолдау керек. Осы орайда бірнеше ұсынысымды айта кетейін.

Біріншіден, ресурстарды дамытуға арзан несие, субсидия беру. Екіншіден, ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлердің санын арттыру. Сонда ғана олар өзара бір-бірімен бәсекелесе отырып, сапалы өнім ұсынатын болады. Үшіншіден, агротуризмді дамыту. Сондай-ақ әр аймақтың

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЙТСЕК ДАМЫТАМЫЗ?

Батыстың экономист ғалымдарының бірі осыдан екі жүз жыл бұрын «Ауыл шаруашылығымен айналысатын мемлекеттің болашағы жоқ» деген еді. Бүгінде бұл сөзбен келісу қиын. Өйткені заман да өзгерді, талап та өзгерді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған соңғы Жолдауында «ұзаққа созылған мұнай дәуірі аяқталған сияқты» деді. Сондықтан әлемдегі болып жатқан өзгерістердің түпкі тиегі ауыл шаруашылығымен байланысты. Қазір ауыл шаруашылығымен айналысатын мемлекеттер алдыңғы қатарға шығады. Мысалы, Оңтүстік Корея қазір индустриалды дамыған мемлекеттің қатарында. Технология жағынан да ең дамыған мемлекет. Олардың құпиясы неде? Бұл мемлекет ең алдымен ауыл шаруашылығын өркендетуден бастады. Күш-жігерін ауыл шаруашылығына жұмсады. Өйткені ең басты міндет — халықты тамақтандыру еді. Егер де біз ішкі нарықты органикалық, биологиялық таза өніммен толтырсақ, тамағы тоқ халық әрі қарай өзін білімге, ғылымға, мәдениетке ұмтылдырады. Сол үшін ауыл шаруашылығының рөлі экономикада да, әлеуметтік жағдайда да, мемлекеттің дамуында да аса маңызды.

Соңғы уақытта біздің мемлекеттің де ауыл шаруашылығын дамытуға

бағыт алғаны қуантады. Бір жағынан өкініш те бар. Кенес одағынан қалған колхоз, совхоздардың болған мал-мүлкін, бүкіл ресурстарды кезінде сақтап қалуымыз керек еді. Бірақ ол кезде бізде тәжірибе болмады. Білмедік. Басқа мемлекеттермен байланыс үзілгеннен кейін, өндіріс тоқырады. Жұмыссыздық пайда болды. Ауылда тіршілік тоқтады. Барлығы күнкөріс үшін қаланы жағалады. Ауыл солай құлдырап қалды.

Президентіміз ауыл шаруашылығына көңіл бөлуіміз керек екенін баса айтты. Шикізатқа тәуелділіктен арылатын кез жетті. Біз ендігі кезде ауыл шаруашылығы өнімдерімен әлемдік бәсекеге қабілетті бола аламыз. Біздің ата-бабамыз бұл кәсіппен айналысқан. Бұл біздің қанымызға сіңген қасиет әрі шеберлік дер едім. Біз осы

ерекшелігін ескерген жөн. Мысалы, шығыста майлы дақылдарды өсір, оңтүстікте көкөніс, солтүстікте егін ек. Оған қоса көктемде тұқым себу, күзде өнімді жинап, оны сақтау және жеткізу жағы бар. Міне, осының барлығы — кезек күттірмейтін міндет. Біз нарықты өзімізге өндірілген азық-түлікпен толтыруымыз керек.

Шынар САУЫТПАЕВА,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің менеджмент кафедрасының доценти, экономика ғылымдарының кандидаты



Мерей

Биыл белгілі жазушы, этнограф, баспагер, әр алуан жанрдағы 15 томның авторы Зейнолла Сәніктің туғанына 85 жыл толды.

Мерейтойға орай жоспарланған көптеген іс-шаралар кейінге қалса да, жекелеген жобалар жүзеге асты. Соның бірі – таяуда Нұр-Сұлтанда БАҚ өкілдері арасында шағын футболдан «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қорының» жүлдесі үшін өткен арнайы турнир. Сондай-ақ шығыс өңірінде бірқатар мәдени іс-шара өтті.



МӘДЕНИЕТ ҚОРЫ ТАЛАНТТАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

10 команда қатысқан жарыста 1-орынды (*жүлде — 300 000 теңге*) «Хабар» арнасының жігіттері жеңіп алса, 2-орын (*200 000 теңге*) қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметіне бұйырды. Ал 3-орынға (*100 000 теңге*) «Qazsport» арнасының ойыншылары ие болды. Сондай-ақ «Үздік сұрмерген», «Үздік қақпашы», «Үздік қорғаушы», «Үздік шабуылшы» иелеріне 30 000 теңгеден, ал «Ең үздік ойыншыға» 50 000 теңге сыйақы берілді. Көптен бері бас қоса алмай қарбалас жүрген журналистер Арканың ажарлы күнінде жаксы ойын көрсетіп, бір серпіліп қалды. Аталған турнир қазан айының соңында Алматыда жалғасады. Оған алматылық БАҚ өкілдері мен акындардан құралған 10 команда қатыспақшы.

одағы басқарма төрағасының бірінші орынбасары, акын Акберен Елгезек, Ұржар ауданы әкімінің орынбасары Біржан Қадірұлы, аудандық ішкі саясат, білім бөлімнің мамандары, ауылдың акын-ақсақалдары, ұстаздар қатысты.

Әлемдік індеттің елге түскен қиын сәттерінде аталған қор Ұржар ауданы Жарбұлақ ауылдық емханасына жалпы құны 3,5 миллион теңгелік 6 дана оттегі аппараты мен 2 медициналық төсек сыйға тартты. Сонымен қатар Тарбағатай аудандық ауруханасына да 3 оттегі аппаратын тарту етті.

Ұржар аудандық мәдениет үйінде акын Акберен Елгезектің «Болмаған балалық шақ» кітабының таныстырылымына орай әсерлі әдеби кеш өтті.



Әдебиет, өнер, ғылым мен жас таланттыларды қолдауды басты мақсат еткен мәдениет қорының кезекті келелі іс-шарасы қаламгердің ата қонысы Ұржар ауданының Қабанбай ауылында өтті. Жарбұлақ орта мектебінде «Зейнолла Сәнік атындағы қазақ әдебиеті» кабинеті ашылды. Жалпы құны 3 миллион теңгені құрайтын кабинет заманауи технологиямен жабдықталған. Жас оқырман үшін 60-қа жуық қазақ акын-жазушыларының классикалық кітабы сыйға берілді. Сондай-ақ Қабанбай ауылындағы

Акынның өлендері оқылып, өлеңіне жазылған әндер шырқалды. Аталған кеш аясында «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет қоры» қазақтың қос талантты акыны Акберен Елгезек пен Дәулеткерей Көпұлының 100 кітабын Ұржар кітапханаларына сыйға берді. Осылайша ұржарлықтар жерлес ақындарының шығармаларын өз ауылында отырып, емін-еркін оқуға мүмкіндік алды. Сондай-ақ талантты 3 өнерпазға қор атынан арнайы шәкіртақы берілді. Ауыл мен Алашқа



екі мектептің әлеуметтік аз қамтылған ең үздік, дарынды жеті оқушысын шабыттандыру және қолдау ретінде әрқайсысына 50 000 теңгеден арнайы шәкіртақы берілді.

Ұржарда өткен игілікті іс-шараға Қазақстан Жазушылар

аянбай қызмет етудің түрлі бағытын ұстанған мәдениет қоры алдағы уақытта да игілікті жобалармен қуанта бермек.

Жарқын СӘЛЕНҰЛЫ,
Алматы — Ұржар — Қабанбай — Алматы

Тіл тазалығы

Соңғы жылдары тілімізге шет тілден жаңа сөздер мен терминдер көптеп енуде. Ол сөздерді енген тілдегі нұсқасы бойынша айту, жазу сөнге айналды. Соған қарай тіліміз тағы да шұбарлана түсетіні белгілі. Шындығында, кейбір сөздердің баламасы бар. Алайда кірме сөз басымдыққа ие болып тұр. Ендеше, сол сөздерге тілімізден құлаққа жағымды естілетін, көзкерімге әсерлі, халықаралық мағынасын толық аша алатын жаңа төл сөздер табу да өзекті мәселе болмақ.

Тілдегі сөздер мен терминдердің белгілі бір мағынасы және анықтамасы, дефинициясы болатыны белгілі. Бұл жайында белгілі ғалымдар өз ойларын былайша сабақтайды. Р.Сыздық: «Терминдер негізінен атау сөздер болып келеді. Терминдердің атауыштық қасиеті (белгісі) үшін оның «дефинициялық» түсіндірмесі болу керек, яғни бір нәрсенің, не құбылыстың тек қана өзіне тән ұғымдық анықтамасы ол сөзді термин етіп танытады. Терминдерді керек ететін әр алуан ғылым салалары болғандықтан, сөздің дефинициясы сол ғылымның танымы үшін ұсынылады». Бұл ретте терминге берілген дефиниция арқылы сол ғылым саласын тануға болатынына көз жеткіземіз. Белгілі терминолог-ғалым Ш.Құрманбайұлы терминнің міндетті түрде дефинициясы болатыны туралы былай дейді: «Сөз арқылы ұғым туралы жалпы мағлұмат берілсе, терминнің дефинициясы арқылы сол ұғымды өзге ұғымдардан айыратын оның ең басты белгілері аталып көрсетіледі. Ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес терминнің дефинициясы да толығып, өзгеріске ұшырап отырады. Ғылым неғұрлым дамыған сайын сөз бен терминнің арасы алшақтай түседі. Бұл тәсілмен жасалған терминдер жалпы қолданыстағы сөзден өзі қатысты болатын терминнің өріс пен терминге тән дефинициясы арқылы ажыратылуы тиіс».

Тіл біліміне лингвокогнитология, концепт, лингвоконцептосфера, лингвоцит, культурама, модератор, спикер, стичрайтер, т.б. көптеген жаңа сөздер тобы ағындап еніп жатыр. Болашақта тағы да «мұндай сөздерді аударамыз ба, жоқ, әлде тілге икемдеп, сындырып жазамыз ба» деген мәселе туындайды.

Сонымен қатар қазіргі таңда «сөнге» айналған сөздер, жаргонизмдер де (мысалы, *вайн, коллаборация, кэш, кэшбек, лайк, месседж, профит, селфи, хайп, фандом*

«ХАЙП, ЛАЙК, ПРАНК» ДЕЙТІНДЕР КӨБЕЙДІ

(*фэндом*), *фидбек, пранк, рамс және т.б.*) сөздік қорымыздан орын алуда. Бұл үрдіс жалғасын таба берсе, болашақта төл атаулар мен терминдеріміздің пайыздық көрсеткіші тағы да азая түсетіні белгілі. Мұндай сөздер жайында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры,

Өкінішке қарай, кейбір дәрекі, түрме жаргондарын да жастарымыздың тілдесімдерінен естіп қаламыз. Тіпті тілдегі *жынды, тема, класс, сындыру, жырту* тәрізді сөздерді де басқа, ауыс мағынада қолдану үрдіс алуда. Мысалы: Мен кеше *жынды* кино көрдім. Оның көлігі *жынды* тема екен. Мен оны бес мыңға *сындырдым*. Бүгін біздің команда *жыртады*. Боксёр жігіт *класс* көрсетті.

филология ғылымдарының кандидаты, белгілі тілші-ғалым Анар Фазылжанова былай дейді: «Тілге сөз өздігінен енебейді, өмірімізге келіп жатқан жаңа құбылысқа байланысты айналымға енеді. Мәселен, «ұялы телефон» деген сөздің өзі қазір үйреншікті болғанымен, сол құрылғы біздің өмірге алғаш кірген дәуірде жаңа сөз болып танылған. Оның «*қалта телефоны, «қолтелефон»*» деген түрлі атаулары да болған. Тағы осындай сөздер ағылшын тілінен өзгеріссіз алынаса, *«селфилету», «банаа жәйберу», «лайк басу»* сияқты сөздер қазақ тілінің емлесіне, жүйесіне, дыбысталуына икемделіп жатыр».

Ғалымның айтуынша, мұндай жаңа сөздер ғылыми-зерттеу жұмыстарына арқау болып, жаңа сөздердің мән-мағынасын дұрыс ашу, жазылуы мен айтылуын бекіту үшін зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Мұнда кірме сөздердің сөздікке қайсысын алу қажеттігі, ал қайсысын қазірше алмау мәселелері қарастырылады. Болашақта қазақ тілінің латын графикасы негізіндегі жаңа орфографиялық және орфоэпиялық параллель сөздігі жасалады. Бұл сөздікте қазіргі қолданыстағы сөздер кирилл әліпбиімен беріледі. Жанына жаңа емлемен жазылған латын әліпбиіндегі нұсқасы, сондай-ақ қалай оқылатыны транскрипциясы арқылы беріледі. Жаңа сөздер соңғы рет 2013 жылғы шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» енген. Онда сол алты жыл бұрынғы жаңа сөздердің барлығы болмаса да, біршамасы берілген еді. Ендігі міндет – бүгінге дейін енген жаңа сөздерді тіркеп, жаңа сөздік шығару. Онда сөздер мысалдармен бірге беріледі.

Кірме неологизмдерге байланысты мынадай ұстанымдарды негізге алынамыз дұрыс:


1. Ең алдымен, кірме атаулар мен терминдердің білдіретін мағынасын терең түсіну қажет.

2. Кірме сөз мағынасын түсіне отырып, оған сәйкес тілімізден сәтті балама табу.

3. Кірме неологизмдерді тіліміздің фономорфологиялық ерекшелігіне лайықтап, сындырып жазу.

Мұндай сөздер (*хайп, фидбэк, фандом, коллабрация, месседж сияқты сөздер*) әлеуметтік желіде де сөнге айналып тұр. Алайда бұл сөздер

мен олардың мағынасын қазақ тілінің қайсыбір сөздігінен таба алмайсыз. Ғылыми түсінік берілмеген бұл іспетті сөздердің проблемасы қашан шешіледі және оның мағынасын қашан дұрыс түсініп, дұрыс жазатынымыз белгісіз. Өкінішке қарай, кейбір дәрекі, түрме жаргондарын да жастарымыздың тілдесімдерінен естіп қаламыз. Тіпті тілдегі *жынды, тема, класс,*



сындыру, жырту тәрізді сөздерді де басқа, ауыс мағынада қолдану үрдіс алуда. Мысалы: Мен кеше *жынды* кино көрдім. Оның көлігі *тема* екен. Мен оны бес мыңға *сындырдым*. Бүгін біздің команда *жыртады*. Боксёр жігіт *класс* көрсетті. Енді жоғарыда келтірілген жаңа сөздердің мағыналарына шолу жасайық.

Бан, банға жіберу. *Бан* (ағыл. *ban*, /bæn/ – *тыйым салу, заңсыз деп тану*) – Интернет пайдаланушылардың әрекетін бақылау тәсілдерінің бірі. Мысалы, қолданушы тарапынан сайт ережесіне қайшы келер әрекет жасалса, сайт админі оны сайттан уақытша шеттетеді (*белгілі бір уақытқа*).

Вайн (ағыл. «Vine») – әдетте, бұл жиырма секундтан аспайтын өте қысқа ролик. Көбіне өмірдің белгілі сәттерінен көрініс береді. Вайн түсіретіндерді вайнерлер деп атайды.

Дедлайн (ағыл. *deadline*). 1. Міндет орындалуы тиіс болатын соңғы мерзім, шектік мерзім, күні мен уақыты. 2. Дедлайн (DC Comics)[en] – DC Comics баспасының комикстерге енгізген, ойдан шығарылған кейіпкері. 3. «Deadline. Жобаларды басқару туралы роман» – Том Демарко кітабы. 4. Қалалық бағдарлау.

Кэшбэк (Cash back) – тікелей аудармасы қолма-қол ақшаны қайтару, алайда бұл терминді интернет-сауда саласында, банк ісінде және ойын бизнесінде клиенттерді тарту мен адалдықпен жаулап алу мақсатында ұйымдастырылатын бонус бағдарламасы ретінде түсінген дұрыс. Интернет саудасында кешбэк уақыт өте қайтарылатын жеңілдік болса, банк саласында клиентті банк картасы арқылы сауда жасауға шақыратын бағдарлама,

Лайфхак. неол. (*«life» және «hack»* – «өмірді бұзу») – уақыт үнемдеуге көмектесетін пайдалы, қолайлы кеңес немесе құлық. Лайфхак өте ықшам мәтінде немесе графика, түсіндірме сурет арқылы болуы мүмкін.

Пранк (ағыл. *prank*) – телефон бұзақылығы, телефондық әзіл әрекет. Пранк қолданушыны пранкер деп атайды. Пранкер өз құрбандарына телефонмен қоңырау (*әдетте анонимдік*) шалады және арандату не әзілдеу жолымен құрбанын жедел жауап беруге мәжбүр етеді. Кейде әзіл әрекет барысындағы тілдесімдер жазылып алынады.

Репост (*repost*) – бұл әлеуметтік желіде өз парақшасына жазба көшіру актісі, сондай-ақ көшірілген жазба немесе жаңалықтың өзі. Сіз белгілі бір жаңалықтың репостын жасасаңыз, оны достарыңыз бен таныстарыңыз оқи алады.

Синквейн (*фр. cinquains, ағыл. cinquain*) – XX ғасырда АҚШ-та жапон поэзиясы ықпалымен пайда болған бес тармақты өлең үлгісі. Одан кейін (*соңғы уақытта, 1997 жылдан Ресейде де*) ауызша тілді дамытудың тиімді тәсілі ретінде, оны жылдам алуға мүмкіндік беретін дидактикалық мақсаттарда пайдаланыла бастады.

Синергия (*грек. synergia «ынтымақтастық, ықпал ету, көмек, қатысу, сыбайластық» грекше σύν «бірге» + εργον «іс, еңбек, жұмыс, ықпал»*) факторлардың бірлескен әрекеті, сол әрбір факторлар әрекетінің қарапайым сомасынан асып кететіні сипатталатын екі не одан көп фактордың өзара әрекеттерінің күшейген әсері, эмердженттілік.

Спичрайтер (ағыл. *speechwriter*) – мемлекеттің жоғары лауазымды тұлғалары, саясаткерлер, қоғам қайраткерлері немесе бизнесмендер үшін баяндама мәтінін құрушы.

Фандом немесе фэндом (ағыл. *fandom* – «*әсірге жанкүйерлік*») – «фанаттар қауымдастығы» деген мағынаны білдіреді. Бұл негізінен мүдделері ортақ адамдардың қандай да бір танымал адамдарға, шығармаларға, топтарға бірігіп серіктестік пен ықылас танытуын бейнелейтін жанкүйерлерден (*фанаттардан*) тұратын субкультура. Алғашында бұл сөз «ғылыми фантастикамен әуестенетін адамдардың тобы» мағынасын білдіретін, бірақ

кейіннен мағынасы бұдан да кеңейе түсті. Батыс фэндомдарындағы жағдайға ұқсас, алғашқы және ең ірі орыс фэндомдарының шығу тарихы фантастикамен байланысты.

Фейк – бұрмалау. Бұл сөздің бірнеше мағынасы бар: 1. Фейк жаңалықтар (ағыл. *fake news*) – ақпараттық әдейі адастырушылық немесе әлеуметтік медиа не дәстүрлі БАҚ-тарда жалған мәліметтерді

телефон арқылы топтық байланысқа арналған сервис.

Эйчар (*«эйчар» сөзі ағылшынның «HR – Human Resources» қысқарған сөзінен шыққан*) неол. жарг. – қызметкерлерді іріктеу және дамытумен айналысатын, қызметкер құрамы жөніндегі менеджер.

Экшен (ағыл. *action. – «әрекет»*) – ойыншының физикалық мүмкіндіктерін, оның ішінде көз бен қол және жауап жылдамдығын пайдалануға көңіл аударылатын компьютерлік ойындар жанры.

Юзер. Бұл сөз компьютерлік жаргонда жиі қолданылады. Аталған сөз (*user*) ағылшын тілінен «пайдаланушы» ретінде аударылған. Әрине, ғажайып жоғары каста хакерлермен салыстырғанда бұлар төменгі қоғамдық топ, алайда юзерлер де – өздерінің кез келген қажеттіліктеріне керек әрекеттерді оңай жүзеге асыра алатын тәжірибелі пайдаланушы.

Ютюб (*YouTube*, [ˈjuːtjuːb], «*ютьюб*» не «*ютюб*», кейде (*америкалық мәнерде*) «*ютуб*») – пайдаланушыларға сақтау, жеткізу және бейне көрсету қызметін көрсететін бейнехостинг. YouTube танымал бейнехостинг және әлемде кірушілер саны бойынша екінші сайт болды.

Қорыта айтқанда, қоғамымыздың әр саласына күн сайын жаңа, кірме сөздер ағындап еніп жатыр. Енді оларды тілде тұрақтандыру, икемдеу мәселесі туары айтпаса да белгілі. Сондықтан тілімізде неологизмдердің

Бұл келтірілген сөздер қазір тілімізге еніп жатқан жаңа сөздердің бір парасы ғана. Ал күн өткен сайын осындай жүздеген жаңа сөз келіп жатады. Оларды осындай қарқынмен өзгертпей қабылдай беретін болсақ, тіліміз болашақта қойыртпақ тілге айналып кету қаупі туары сөзсіз. Онда қайтпек керек?

түсіндірме, аударма сөздігін жасау бүгінгі таңдағы ең өзекті жұмыстың бірі болмақ. Әрі мұндай сөздіктерді жаңа емле ережелері даяр болғанда, латын негізді жаңа, қазақ ұлттық әліпбиі негізінде шығару және оларды латын графикасында дұрыс транскрипциялау мен транслитерциялау қажет деп білеміз. Мүмкін, олардың мағынасын толық түсінгенде ғана тілімізден сәтті балама сөздер бере алаармыз. Ендеше, тілімізге ендеп келген шет сөздерді есепке алып, оларды және оларға берілген балама сөздерді газет-журналдарда жиі жариялап отыру қажет.

Бұл келтірілген сөздер қазір тілімізге еніп жатқан жаңа сөздердің бір парасы ғана. Ал күн өткен сайын осындай жүздеген жаңа сөз келіп жатады. Оларды осындай қарқынмен өзгертпей қабылдай беретін болсақ, тіліміз болашақта қойыртпақ тілге айналып кету қаупі туары сөзсіз. Онда қайтпек керек?

Жаңа, кірме сөздерді де қабылдауда да салалық терминдерді қабылдағандай қатаң принцип ұстану қажет. Ол принциптер мыналар:

1. Жаңа сөздерге тілімізден дыбыстауға ыңғайлы, көзкерімге жайлы, түсінуге жеңіл балама сөзді жылдам табу, яғни қазақшаға сәтті аударып беру. Бұл ретте бұрынғы көнерген сөздеріміздің де мағынасын кеңейте отырып, қайта қолданысқа шығаруға болады. Бұл аудармашының ана тілді терең білуін қажет етеді.

2. Кірме сөзді аударудағы басқа түркі халықтарының тәжірибесіне сүйену, яғни туыс тілдерден сөз алу. 3. Кірме сөздерді тіліміздің фономорфологиялық ерекшелігіне сүйене отырып өзгертіп, яғни сындырып, икемдеп жазу. Алайда бұл тәсіл әрқашан сәтті бола бермейді. Кейбір кірме сөздер халық құлағына сініп, мағынасы түсінікті болып қалды әрі оларды өзгертіп жазсақ, халық мағынасын түсіне алады. Ал кейбір жаңа еніп жатқан сөздерді қазақтың дыбыстық ерекшелігіне ыңғайлап жазсақ, сөз де өзгереді, оның мағынасын да ешкім түсінбей қалуы мүмкін.



Нұрлан ШҮЛЕНБАЕВ,
*А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты
терминология бөлімінің
ғылыми қызметкері*

ӨНЕРГЕ Еліміздің батыс өңірінде ата-бабамыздан қалған өнерді жаңғыртқан ғажап бір жан бар. Туындыларын тек малдың сүйегінен жасайды. Үкіжан Танабаева Батыс Қазақстан облысындағы 2-Шөжін ауылында тұрады. Облыстық, республикалық байқаулардың жеңімпазы. Біз өнер иесіне арнайы хабарласып, қолынан шыққан бұйымдары жайында әңгімелеп беруін өтіндік.

«Өнерге әуестігім балалық шақтан басталды. Қазақтың төрт түлікке катысты

Кәрі жілік



дәстүрлерін әжемнен естіп өстім. Кейін денсаулығым сыр берген соң, осы істі шындап қолға алдым, — деп әңгімесін бастады Үкіжан апай. — Әрбір бұйымның өзіне ғана тән мән-мағынасы бар. Әжем кішкентайымнан «кәрі жіліктің бір қасиеті бар, үйдің берекесі мен бақытын қорғайды» деп айтып отыратын. Тұрмысқа шыққан кезден бастап, қойдың кәрі жілігін 7-8



жылдай жинадым. Ең алғашқы туындымды «Бәйтерек» деп атадым.

деген жаксы тілек бар емес пе? Қасық пен асықты біріктіріп, ұрпағымызға арнадым. «Байлық кесесі», «Қобдиша», «Қыз Жібек пен Төлеген», «Бакыт құсы» сынды туындыларымның да өз айтары бар. Өз басым қазақтың киелі



сандарына мән беремін. Бұйым жасауда міндетті түрде кәрі жілікті қолданамын. Жетпей тұрған тұсына басқа да сүйектерді қолданамын». Үкіжан Танабаева бытыр Оралда өткен мүмкіндігі шектеулі жандар арасында ұйымдастырылған «Біз біргеміз» атты байқауына өз туындыларын ұсыныпты. Таңсық заттар жұрттың көңілінен шыққан көрінеді. Сол байқауда «Бизнес бастау» бағдарламасына жолдама алып, кәсібін ашуға грант ұтып алды. Шебер бүгінде туындыларын үйінде жасап отыр. «Өнер деген терең дүние. Соныман ізбасарлар



қалдырсам деймін. Осы өнерімді жастарға үйретіп, шәкірт тәрбиелеп, шеберхана ашқым келеді», — деді ол болашақтағы жоспарымен бөлісіп. Кәрі жілікті көдеге жарата білген өнер иесіне сәттілік тіледік.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Болашақтың қамы

Еліміздің барлық өңіріндегі 3000-ға жуық мұғалім мен балабақша тәрбиешісі инклюзивті ортада оқытудың үш апталық бағдарламасы бойынша білім алуды бастады.

Бағдарламаны Назарбаев Университеті жоғары білім беру мектебінің инклюзивті білім беру саласындағы профессор-сарапшылардың халықаралық командасы әзірлеп, «Дара» қайырымдылық қорымен бірге «Шеврон» компаниясының қолдауымен іске асыруда.

Жоба жетекшісі, Назарбаев Университеті жоғары білім беру мектебінің профессоры Сулошни Патердің айтуынша, ауқымды шараның



мүмкіндігі шектеулі балаларға берері көп. «Сапалы білім беру үшін ынталы және қабілетті ұстаздарды даярлау мен инклюзивті білім жүйесін дамытуға үлес қосады», — дейді ол. Коронавирус пандемиясына байланысты оқыту онлайн форматында өтеді. Жоба командасы бағдарлама нәтижелерін бағалау және біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдерге одан әрі қолдау көрсету үшін оқуды аяқтағаннан кейін офлайн кездесулерді де жоспарлап отыр. Сондай-ақ бағдарлама барысында мектеп директорлары үшін арнайы тренингтер өтеді.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміз

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС


Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Ал түсініп көр!



Балшытыр



Дәрілік балшытыр (лат. *Pulmonaria officinalis*) – биіктігі 15-30 см, көп жылдық, шөп тектес өсімдік. Өсімдіктің өн бойын қысқа, бірақ қатты түк басқандықтан, сабағы қолға кедір-бұдырлы болып сезіледі. Жапырақтарының шеттері бүтін, ұштары сүйір, екі жағын да қысқа түк басқан. Дәрілік балшытыр таулы аймақтарда, орман арасында, бұталардың көлеңкесінде өседі.

Құрамында минералды заттар танин, қоймалжын және илік заттар, аскорбин қышқылы, рутин бар. Дәрі үшін өсімдіктің жерге түскен бөлігін гүлдеген кезінде жинап алады. Дәрілік балшытырдың қабынуды басатын, несеп айдайтын, қан тоқтатып, жаракаттын жазылуын тездететін қасиеті бар. Халық медицинасында бұл өсімдік туберкулезді емдеуде, жоғарғы тыныс жолдары және өкпе қабынғанда қолданылады.

Әбіш ІСКЕНДІРОВ, «Қазақстанның дәрілік өсімдіктері»

БАСПАСӨЗ – 2021

JAS QAZAQ

**Жазылу
индексі
65032**



Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Жазылу мерзімі	Эврика пресс	Евразия пресс
1 айға	269	288
3 айға	807	864
6 айға	1614	1728
12 айға	3228	3456

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміз

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2230;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ait-Astana» әуесқойлығы ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.